

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Сапақкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің  
№2 хаттамасы**

30-қыркүйек 2024 ж.

Сарбие ауылы

Қатысқандар саны – 18 адам

Шақырылғандар: -9 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

**КҮН ТӘРТІБІ**

1.«Сапақкөл орта мектебі» КММ директоры Е.А.Тургангазиннің мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тындау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. Ғ.Жүсіпов- қамқоршылық кеңесінің төрағасы**

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Сапақкөл орта мектебінде 2024 жылдың 05 қыркүйекпен – 30 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Е.А.Тургангазинге берді.

**СӨЙЛЕУШІ:**

**Е.А.Тургангазин -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Сапақкөл орта мектебінің кезекті №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 05 қыркүйегінен – 30 қыркүйегі аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді). Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан тест алынды. Бастауыш,

негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Қамиева мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі кабинеттердің санын әлі де көбейгенін сөзге тиек етті», сонымен қатар мектепте қазіргі жағдайға байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камераларының санын арттыру керек екенін ескертті.

Мектеп директоры Е.Тургангазин қойылған ескертулер бойынша А.Қамиеваға қазіргі таңда мектепке ішкі және сыртқы бағыттарына тағы да 29 камера қондырғалы отырғанын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л.Жүсіпов өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін ғимараттағы лифтті қондырылса деген ұсынысын атап өтті.


Мектеп директоры Е.Тургангазин бұл мәселені қолдайтынын, аудандық білім бөліміне сұраныс беретіндігін мәлімдеді.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

#### **ШЕШІМ ЕТТІ:**


1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Сапақкөл орта мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Л.Жүсіпов


Хатшы:  Ж.Нұржанова


Кеңес мүшелері:  А.Қамиева


 А.Бисенғалиев


 К.Ғаббасов

 А.Дүйсенова

 А.Наурызбаев

 А.Сүйесінова

 Қ.Нұржанова

 А.Дауылбай